

Сержан Жүнісұлы ДҮЙСЕН

ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЕСКІ ҚЫПШАҚ ӨРКЕНИЕТІ СІЛЕМДЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В статье рассмотрены проблемные вопросы исследования сторонической цивилизации.

Makalede eski Kıpçak uygarlığını araştırma meseleleri incelenmektedir.

Қазіргі Қазақстан Республикасының аумағы орта ғасырларда Дешті Қыпшақ аталынғандығы тарихтан мәлім. Дешті Қыпшақты мекендеген түркі халықтары, тайпалары құрамында қыпшақтар, қаңлылар, наймандар, барластар, қырғыздар, башқұрттар, түркімендердің, сондай-ақ оғыз, қарлұқ бірлестіктерінің өкілдері де болды. Қыпшақтар қауымдастығы туралы, олардың тарихы мен мәдениеті жайында ерте уақыттарда жазылып қалынған жазба ескерткіштер де, сонымен қатар оларға қатысты кейінде орындалған зерттеу жұмыстары да баршылық. Бұл орайда М.Ф. Көпүрүлізаде, К.М. Рифат Білге, А. Жафероғлы, Акдес Н. Курат, Н.Т. Сауранбаев, Б.Е. Көмеков, Ә.Нажип, Ә.Құрышжанұлы, Ф.Сумер, С.Ахинжанов және т.б. ғалымдардың еңбектері қыпшақтану саласына қосылған елеулі үлес қатарына жатады.

Дешті-Қыпшақ қауымдастығы орта ғасырлардағы тарихи-мәдени бірлестік деңгейіне жеткенінше бірнеше даму сатыларынан өтті. Оны жинақтай көрсетсек: 1) көне түркі тайпаларының арасынан бағзы дәстүрді сақтай отырып ерекшеленуі; 2) заманымыздың VIII және IX ғасырларында жеке түркі тайпалық бірлестігі болып тарих аясына шығуы; 3) XII-XV ғасырларда қыпшақ, куман, печенег және т.б. атауларға ие бола отырып, тұтастай бір мәдениеттің өкілі ретінде әлемге танымал болуы; 4) XIV-XV ғасырларда жалпы түркі мәдениетінің дамуына зор үлес қоса отырып, қазіргі қыпшақ тілді халықтар мен этностарды, олардың өзіндік төл мәдениетін қалыптастыруы.

Аталмыш жағдайдың қазіргі түрік халқының қалыптасу тарихы мен мәдениетінде де өзіндік ізі бар. Кейбір тарихи мәліметтерге қарағанда "1090-1110 жылдар Қара теңіз жағасындағы куман-қыпшақтардың дәуірлі кезеңі болған. Олардың көсемдері-Бөнек (кейде Боняк), Тугор (кейде Тугр), Сары (кейде Шару) және Алун Аба есімді хандар аса қажырлы және қабілетті қолбасшылар болған. Олардың арасындағы Тугур және Бөнек хандардың билігінде болған 40 мың қолдық қыпшақтардың Византия императорлығы жағында соғысушы, туыстас печенектерді-1091 жылы, март айында Мерич өзені бойындағы "Левинон шайқасында" жеңіп, Стамбул қаласын бүліншіліктен сақтап қалғандығы жайында да мәліметтер бар [1]. Түп төркіні Алтай таулары мен Моңғолия, Еуразия далаларында тіршілік еткен түркі халықтары өкілдері Қара теңіз, Жерорта теңізі аймақтарында бұл уақыттардан ерте кезеңдерде де болған. Мәліметтерге қарағанда қыпшақтар қауымдастығының XIII-XII ғасырлар арасында берік мемлекеттік тұрғыда

болмағандығы байқалады. Мұндай жағдай сол кезеңдегі мемлекеттік қалыптағы көптеген түркі бірлестіктері мен одақтастықтарына ортақ болған.

Дегенмен көше-кона жүріп түркі ұлыстары мен өзгедей халықтардың мемлекеттік деңгейге көтерілуіне жалпы қыпшақ өркениетінің қандай үлесі болды деген сауалдарға әлі де болса толық жауап табыла қойған жоқ. Жоғарыда айтқанымыздай ескі қыпшақ мәдениеті мен өркениет дамуын пайымдауға арналған ғылыми еңбектерде осы мәселенің кейбір қырлары зерттелген.

Қыпшақ мәдениетін: 1) Көне түркі, 2) Еуразиялық, 3) Дешті-Қыпшақ кезеңдеріне саралай қарастырамыз. Мұның өзі кейінгі жылдарда Қазақстан ғалымдары жүргізген археологиялық, текстологиялық, тарихи-мәдени іс-шаралардың, зерттеу жұмыстарының атқарылуымен байланысты. Қыпшақтану ғылыми пән ретінде түркітанудың құрамдас бір саласы бола отырып, негізгі теориялық кешенді бағыттар ыңғайында мынандай мәселелерді бағамдайды [2]:

- Қыпшақтар және көшпенділік өркениет;
- көшпенділік және отырықшылық өркениеттерінің өзара байланысы және өзара әсерлесуі;
- қазақ халқының этникалық, тарихи және мәдени қалыптасуы;
- Еуразия және Жерорта теңізі аймақтарындағы қыпшақтардың көне және ортағасырлардағы тарихы;
- қыпшақтануға байланысты жазба дерекнамаларды толықтыра түсу;
- Орта Азия және Шығыс Еуропа халықтарының қалыптасу ерекшеліктерін айқындау және т.б.

IX-XIII ғасырларда Еуразия далаларында тіршілік еткен қыпшақтардың Еуразиялық қуман қыпшақтары және Дешті-и-қыпшақ мәдениеті қатпарлары және олардың аймақтық таралым өрісі біршама анықталып отыр. XI-XIII ғ. Шығыс Дешті-и-қыпшақ даласында қыпшақтардың негізгі этникалық тіршілік кеңістігі қалыптасты. Бұл кеңістік қазіргі Қазақстан аймағын толығымен қамтыды. Қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған ескі қыпшақ ауыз-екі, ескі қыпшақ әдеби тілі түзілді. Осы кезеңге тура келген моңғол үстемділігі бұл үрдісті 100 жылға жуық уақытқа кешіктірді. Дегенмен Дешті-и-қыпшақ даласында қалыптасқан Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда мемлекеттерінің құрылымдық, саяси, экономикалық жүйелері қыпшақ өркениетінен бастау алып, сол бағытта дамып отырды. Мұның өзі кейінгі Қазақ, Өзбек, Қырым хандықтарының және т.б. қалыптасуына үлес қосты.

Осы кезеңдегі қыпшақтар тарихы негізінен алғанда Араб, Армян, Латын тілдерінде орындалған жазба ескерткіштер және түрлі уақыттарда жүргізілген археологиялық зерттеулер мәліметтері бойынша жинақталып келді. Осындай мәліметтер дерегі Ескі қыпшақ мәдениетінің бір ғана көрсеткіші, оның әдеби тілі туралы мынандай тұжырым жасауға негіз береді:

-ескі қыпшақ әдеби тілі аймақтық таралым өрісіне қатысты мынандай ерекшеліктерімен танымал болған: Мәмлүк қыпшақтары, Мәмлүк-Египет (Мысыр), Алтын Орда-Египет, Қыпшақ-Оғыз, Қыпшақ (таза қыпшақ), Халықаралық қыпшақ тілдері. Сонымен қатар аймақтық сөйленіс ерекшеліктерінің басын біріктіре отырып "койне" тіл тұрғысынан ой-толғам ұсыну да бар. Жазба ескерткіштер мәліметтеріне қарағанда Е.қ.ә.т. түркі

тілдеріндегі үндестік заңын толық сақтаған. Е.к.ә. тілінің қалыптасуы негізі 1)байырғы түркі, 2)ауызекі әдеби тілдер болған.

Ескі қыпшақ тілінде "Хибатул-хақайық" (Ақиқат сыйы, А.Иүгінеки), Диуани Хикмет (Хожа Ахмед Иасауи), "Қиссасул-Анбия" (Рабғузи), "Оғузнаме", "Сиржал-қулуб", "Сал наме" және т.б. көптеген әдеби шығармалар орындалған, қыпшақ тілінің ерекшеліктерін оқып үйрену мақсатында түрлі анықтамалықтар, грамматикалық оқу құралдары, сөздіктер түзілген.

Қазіргі уақытта жазба ескерткіштер мәліметтері мен қазіргі қыпшақ тілдерінің ерекшеліктері салыстырыла отырылып мынандай бағамдар ұсынылуда [3]:

I. а) Еділ-Орал маңы тобы. Негізгі тілдік ерекшеліктері е және и, о және у алмасуы болып келетін татар, башқұрт тілдері осы топқа жатады; ә) Орта Азия тобына негізгі тілдік ерекшелігі ретінде щ және с алмасуы анық байқалатын қазақ тілі, дауыстылар үндестігі толық сақталған қырғыз тілі, сондай-ақ дауыстылар үндестігі (кірме сөздерде) толық сақталмаған өзбек тілі және қарақалпақ, ұйғыр тілдері жатады; б) Оңтүстік-батыс тобы құмық, гагауыз тілдерінен тұрады (В.А.Богородицкий, 1934). II. В.В.Радловтың пікірінше, бірқатар Батыс Сібір диалектілері, қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, қарақалпақ (шартты түрде) тілдері қыпшақ тілдерінің Батыс тобына, ал әзербайжан тілі, кейбір қырым татарлары сөйленісі Орта Азиялық тобына жатады; III. Қыпшақ тілдеріне жататын қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, құмық, қарашай, балқар, қарайым, татар, башқұрт тілдері, сонымен қатар жазба ескерткіштерінде сақталған қуман тілі түркі тілдерінің Батыс тобын (М.Р.Рясяненде-Солтүстік батыс тобын) құрайды (Г.Рамстед, 1939). IV. Қыпшақ тілдерінің қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты классификациясы: I. қыпшақ тобы: а) қыпшақ-половецтер тармағы (қыпшақ, половец, қарайым, құмық, қарашай, балқар, қырым татарлары тілдері); ә) қыпшақ-қырғыз тобы (көне қырғыз, қырғыз және алтай тілдері) осы қатарды құрайды (Баскаков Н.А., 1969). Қыпшақ тілдерінің табиғатына байланысты әркілі классификациялық бағамдардың ұсынылу себебі түркі халықтарының түрлі тарихи, әлеуметтік-қоғамдық құбылыстар әсерінен туындалған VI-IX ғ. және XI-XIII ғасырлардағы миграциялық ағымдарында және бірде ажырап, бірде тоғысып отырған тілдік ерекшеліктерінде жатса керек.

Мұндай мәселелердің толық шешімін табу, бір жүйеге келтіру түркі халықтарының азаматтық тарихы үшін аса қажет іс. Әлемдік түркітануда "Кимек-киемек қыпшақтары", "Орта Азия және Еділ қыпшақтары", "Армян колониясы қыпшақтары", "Мәмлүк қыпшақтары" аталынып жүрген түркі халықтары өкілдерінің қатарында, соңғы кездері "Ұлы Моғол қыпшақтары" және "Осман қыпшақтары" да зерттеу объектілеріне алынып жүр. Бұл орайда XII ғасырдың соңғы ширегінде салжұқтармен бірге Византия императорлығына жорық жасаған Оғыз тайпалары құрамында болған қыпшақтардың Осман түркілері мәдениетінде алатын орны бар. Бұл жайында Османлы жазба деректерінде мынандай антропонимдер мен топонимдер кездеседі.

1) Кісі аттары: Адык, Адырылмаш, Ағбуға, Аға-жан, Арслан, Атабек, Баһадур, Балабан, Байқара, Жан-бек, Тыз-бек, Қорқуд, Темур және т.б.;

2) Жер-су аттары: Алтунқала, Алабут, Барынтепесі, Журжан, Қарсақ, Бар, Барқалсуы (Балқар), Бекет, Беш, Ағул, Гөжек (Көжек, Сарыгөл және т.б.) [4].

Көрсетіліп отырған антропонимдер мен топонимдер қазіргі қазақ тілінде де, қыпшақ тілдері тобындағы өзгедей түркі тілдерінде де, әлі де болса, аздаған фонологиялық өзгерістерімен қоса алғанда өте жиі қолданылады.

Қазіргі түрік және қазақ мәдениетіне қатысты ескі қыпшақ өркениетінің үлгілері, олар өмір сүрген ортаға қатысты әрқилы мұраларда сақталынып қалған және жан-жақты көрнекілігімен ерекшеленеді. Бұл реттерде біз жазба деректер қатарында ескі қыпшақ қолөнері, (тоқымашылық, бояушылық, тері өңдеу, қыш күйдіру, аңшылық және т.б.), архитектуралық құрылыстар, солар салдырып, тұрақ еткен қалалар мәдениеті, қыпшақтар қоныстанған аймақтар мен өлкелердегі ауылшаруашылығы мәдениеті, соғыс және келісім жүргізу амалдары, ауызекі тірі тілі мен әдеби тілдері арасындағы нормалық қатынастары, ұлы ойшылдарының дүниетанымы мен ірі-ірі мәдени орталықтарының өзара ерекшеліктері де есепке алынып, жүйелі түрде "Ескі қыпшақ өркениеті" тұрғысында бірыңғай зерделенгенін жөн көреміз.

Сондықтан ғылыми-зерттеу жұмыстары келешек талабын және жаңа өркениет мүддесін көздей отырып, мына аспектілерді толығырақ қамтыса дейміз: 1) *Ескі қыпшақ мәдениетінің қалыптасу көздері*; 2) *Ескі қыпшақ және көне түркі мәдениетінің арасындағы өзара дәстүр жалғастығы*; 3) *ескі қыпшақ мәдениетіндегі дүниетаным*; 4) *ескі қыпшақ мәдениетіндегі наным-сенім және әдет-ғұрыптардың ерекшеліктері мен алатын орны* 5) *Ескі қыпшақ ауызекі тілі мен фольклорының өзіндік ерекшеліктері*; 6) *ескі қыпшақ бірлестігі құрамындағы этностардың діни-рухани көзқарастарындағы даму кезеңдері (мысалы: тәңірлік, мұсылмандық, христиандық, софылық және мистикалық діни-рухани бағыттардың болуы)*; 7) *Ескі қыпшақ әдеби тілінің қалыптасуы және аймақтық ерекшеліктер әсері*; 8) *Ескі қыпшақ қолөнерінің қалыптасуы, даму ерекшеліктері және басты салалары*; 9) *Ескі қыпшақ одақтастарының өзара қарым-қатынасы*; 10) *Ескі қыпшақ одақтастықтарының сыртқы әлеммен байланысы*; 11) *Ескі қыпшақ өркениетінің қазіргі уақыттағы сақталуы және дамуы*; 12) *Ескі қыпшақ мәдениетінің жалпы түркілік және әлемдік өркениеттегі орны және т.б.*

Аталмыш мәселелердің толыққанды, жүйелі атқарылуы үшін мынандай іс-шаралардың жүзеге асырылуы қажет:

Осы салада ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарып жүрген маман-ғалымдардың 1) Жеке шығармашылық лабораториясы Түркия елінде де, Қазақстанда да мемлекеттік қолдауға ие болуы; 2) Түрік және қазақ ізденуші, ғалым-мамандардың еңбектері кеңінен насихатталуы; 3) Түркия, Қазақстан Республикасындағы осы салада зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырған мекеме-ұжымдар арасында ортақ бағдарлама жасау; 4) Екі ел арасында тұрақты түрде мамандар алмасып отыру; 5) Жоғары және арнайы оқу орындарында түркітанудың ажырамас-құрамдас саласы ретінде қыпшақтану пәнін енгізу және осы салада қол жеткізілген нәтижелер негізінде жүйелі түрде дәрістік және арнайы курстар жүргізу; 6) Қыпшақ өркениетіне қатысты құнды мұраларды жинақтау (мысалы: қолжазбалар, археологиялық қазба

бұйымдары және т.б.) және кең көлемде ақпарат алмасып отыру; 7) Қыпшақ өркениетіне байланысты энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік және ағартушылық бағыттардағы арнайы оқулықтар мен басылымдар дайындау; 7) Халықаралық конференциялар мен алқалы мәжілістер өткізу және т.б.

Осы салада алғашқылардың бірі болып қалам тербеткен түрік ғалымдары Мехмед Фуад Көпүрүлізаде мен Килиси Риф ат Білгенің, Бесім Аталайдың, Жафероглу Ахметтің, һусейн Намық Оркунның, Баһеттин Өгелдің және т.б. есімдері қазақ ғалымдары мен оқырмандарына енді ғана кеңінен танымал болып отыр. Мұның өзі кезіндегі Кеңес өкіметінің панисламдық және пантүрікшілдік айдарын тағып, Орта Азиялық түркі халықтарының өз мәдениетін, өз тарихы мен тілін білуге деген ұмытылысын тежеу, мәнін өзгерту мақсаты әсерінен туындаған-ды. Сондықтан болар, Орта Азиялық ғалымдардың, әсіресе жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде түркі халықтарының ортағасырлық тарихи мұралары толыққанды түрде зерделенілмеуі, қағыс қалдырылуы орын алып келді. Осы орайда ескерте кеткенді жөн көрдік, тіпті Қазақстан тарихына тікелей қатысты, кейінгі археологиялық, ғылыми-зерттеу, іздестіру іс-шаралары барысында табылған біздің заманымыздың II-XVII ғасырларын қамтитын "Сырдария", "Ертіс", "Жетісу", "Үстірт", "Түркістан" аймақтары жазба ескерткіштері де ғылым назарына ілінбей келеді.

Түркі халықтарының ортағасырлық тарихына қатысты шет елдердің мұражай қорларында жатқан араб, латын, қытай, көне грек, парсы, хинди тілдері мен әліпбилеріне орындалған жазба жадыхаттар да, тарихи мәні бар өзгедей материалдық мұралар да әлі де болса, ғылыми зерделеуге түспей отыр, өркениет куәсі ретінде бір орталыққа жинақталуы немесе алғашқы орындарына қайтарылуы кешеуілдеп жатыр.

Қазақстан Республикасында қазақ халқының және өзгедей де түркі халықтарының жеке этнос, мемлекет ретінде алғашқы қалыптасу көзі ретінде қыпшақтануға, қыпшақ өркениетіне назар аударылып, азды-көпті зерттеу жұмыстары қолға алынып отыр. Бұл орайда қазақ түркітанушылары Н.Т.Сауранбаевтың, Ә.Х.Марғұланның, Ә.Құрышжанұлының, Б.Е.Көмековтың, С.Ахинжановтың, М.Қ.Абусейтованың еңбектері қыпшақтануға қосылған елеулі үлес болып отыр.

Дегенмен, осы салада әлі де болса жоғарыда айтылғандай олқылықтардың орнын толтыру үшін Түркия және Қазақстан Республикалары түркітанушы ғалымдарының бірлескен күш-қайратын күтіп тұрған келешек атқарылатын жұмыстар баршылық және олар көпшілік қолдауымен жемісті түрде шешімін табады деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Түркістан Халықаралық Энциклопедиясы. А., 2000.
2. Кумеков Б.Е. Некоторые итоги и проблемы кыпчаковедения. Евразиское сообщество. Алматы, 1997, с.176.
3. Языки мира.. Тюркские языки. Бишкек., 1997.
4. Kirzioğlu L. Kıpçaklar. 1987. Türkyä.